

# Құлпытастардың құпиясын айтты

Оразай ЖЕҢІСҰЛЫ

Облыстық балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Еліміздің өткені мен бүгіні» атты мәдени бағдар өтті. Шарада сайын даланың сардарлары – балбалтастар туралы кеңінен сөз қозғалды.

– ...Ата, қараңызы анау түрған тас па?

– Балам, бұл жайғана тас емес, өткен тарихтың қуәсі болған – балбалтастар...

Саяхаттап жүрген атасы мен немересінің арасындағы әңгіме есебінде өрбіді бұл шараның барысы. Білуге құмар бұлдіршін атасынан даладағы құлпытастардың құпиясын сұрайды. Көнекөз қария оған балбалтас жайында, балбалға кіндігі байланған ел та-

рихы жайында сыр шертеді. Осы аралықта өрнекті өлең оқылды, әуезді ән де әуеледі. Құңғренген қобыз сарыны өткенімізді көз алдымызға әкелді.

– Балбалтастар шынымен, өткен ғасырлардан сыр шертетін ғажайып жәдігерлер. Біздің Шығыс өнірі осы бір қазынадан кенде емес. Еліміз бойынша сирек кездесетін тастар біздің аймақтан табылып жатады. Мәселен, Тарбағатай даласынан табылған

ерекше балбалтас елімізде бұған дейін бір-ақ рет кезіккен. Сонымен мақтануымызға болады, – дейді тарихи өлкетану мұражайының өкілі Айнұр Асқарова.

Ізденимпаз бұлдіршін осындағы мағлұматтармен қанықты. Қария баласына өнірдегі балбалтастар көп кездесетін өлкелер жөнінде де біршама әңгімелеп берді. Сонында балақай «балбалтастар – тарихтың бастауы, аттарымыздың асыл мұрасы еken. Оларды қорғауымыз керек» деген тұжырымға келеді. Шараның көрермен жеткіншектерге берері осында болды.